

**Балқаш қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы**

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 7 тамыздағы № 38/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына сәйкес Балқаш қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балқаш қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға келесі мөлшерде сараланатын тариф белгіленсін:

- 1) Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 100 (жүз) теңге;
- 2) Жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде - 200 (екі жүз) теңге.

2. Балқаш қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 маусымдағы №27/01 "Балқаш қаласының аумағында қалалық қатынаста жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифті белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6433-09 тіркелген) қаулысы күшін жойды деп танылсын.;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш қаласы әкімінің міндетін атқарушы*

*Р. Сыздықов*